

# Жетісу университеті

JETISY OBLYSTYQ QOǴAMDYQ-SATASI JASTAR GAZETI  
ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ГАЗЕТА ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ

## Ұлыс оң, ақ мол болсын!

Ата-бабаларымыздың өміріне байыппен көз жүгіртсек, көшпелі мәдениеттің қасиеті табиғаттың тілін білу мен терең ұғынуда жатқанын көреміз. Ықылым заманнан табиғаттың тылсымын терең ұғынған бабаларымыз құмнан сағат, айдан күн есептеп, ауа райын аспанда жамыраған жұлдыз бен аң-құстың әрекетінен болжады. Дәл осы таным олардың күллі табиғат бұсанып, қайта түлген көктем мезгілін «Жаңа күн» деп белгілеп, он сөгіз мың ғаламның иесі Жаратушыдан жақсылық тілеуіне себеп болды. Наурыз мөреkesінің ұрпақ тәрбиесінде алатын мәні ерекше. Ұлттың көшін ілгері жылжытар өнегелі өрен қашан да өзінің тамырына үңіліп, сан-ғасырдан бойына сіңген ұлттық тәрбиеден алыстамайды. Қай қалада, қай киырда, қай жаста болса да өліміздің азаматтары осы мөрекені «Ұлыстың Ұлы күні» деп қадірлейді сенемін!!! Біз – ХХІ ғасырдың табалдырығын аттаған буын бабаларымыздың осы танымын, жаңа буынның тілегіне жалғап, қасиетті Наурыз мөреkesін қарсы алып келеміз. Жаңа жыл баршамызға құтты болсын!

Жаңа ғасырдың жаңалыққа құштар ұрпағына білім мен тәрбие беру жолында атқарып жатқан ісіміз нәтижелі, өңбегіміз жемісті болсын!

Ұлыс оң, ақ мол болсын!!!

**Ермек БӨРІБАЕВ,**  
Басқарма төрағасы – Ректор.



## ЖЕТИСУ УНИВЕРСИТЕТІ ӨЗБЕКСТАНДЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫМЕН МЕМОРАНДУМҒА ОТЫРДЫ

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің делегациясы Ташкент мемлекеттік аграрлық университеті, Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық және «Tashkent International» университетіне арнайы іс сапармен барды.

Білім беру саласындағы халықаралық байланысты нығайту мақсатында университеттің Басқарма төрағасы – ректор Ермек Бөрібаев өзбекстандық жоғары оқу орындарының басшыларымен кездесіп, ынтымақтастық жөнінде Меморандумға қол қойды.

Екі жақты келісім – бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, жобаларды жүзеге асыруға, ғылыми зерттеулер жүргізуге, профессор-оқытушылар арасында тәжірибе бөлісуге, студенттер мен оқытушылар құрамымен алмасуға, сондай-ақ конференциялар мен семинарлар өткізуге мүмкіндік береді.

«Жетісу облысының ауылшаруашылығы мен агроөнеркәсібінің өлеуеті жоғары болғандықтан сала мамандарын даярлау үшін Ташкент мемлекеттік аграрлық университетімен бірлесе жұмыс жасау біз үшін аса маңызды. Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті -



Азиядағы мұғалімдер даярлайтын тарихи терең, тәжірибелі оқу орны. Жетісу университетінің педагогикалық бағыты басым болғандықтан екі университет арасындағы академиялық байланыс жоғары деңгейде дамиды деп сенемін. Бұл қадам оқу орындары арасындағы байланысты нығайтудың кепілі болып, өмірдегі ғылым мен білімнің дамуына қуатты серпін бермек» - деді ректор Е. Бөрібаев.

Өзбекстандық университет ректорлары Назарullo Обломуратов, Абдуғаффор Кирғизбаев және Дәюн Йонг-ук білім беру байланысын нығайтуға, жоғары білікті кадрларды бірлесе даярлауға дайын екендіктерін жеткізді.

Меморандум облыстың аграрлық секторын дамытуға қажетті жаңа кадрлар және жоғары білікті педагог мамандарды даярлау сапасын арттыруға жол ашады.



2 бет



4-5 бет



6 бет



7 стр.

## ҒАЛЫМ ӘЙЕЛДЕРГЕ АРНАЛҒАН МАРАПАТ

Халықаралық әйелдер күні қарсаңында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы алғаш рет отандық әйелдерге арналған академик Н. Базанова атындағы марапатты салтанатты түрде табыстау рәсімі өтті.

Атаулы іс-шараға 400-ге жуық отандық ғылымды дамытуға айрықша үлес қосқан жетекші ғалым әйелдер, ғылыми қызметкерлер, оқытушылар мен жоғары оқу орындарының, ғылыми ұйымдардың басшылары қатысты.

Айтулы марапатқа ғылымның түрлі бағыттарында үздік нәтиже көрсеткен, ғылыми әлеуеті жоғары 48 ғалым әйел ие болды. Олардың

қатарында Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті Оқыту және тәрбиелеу әдістемелері кафедрасының меңгерушісі, философия докторы (PhD) Гүлмира Майлыбаева бар. Ол Жетісу университетінде 35 жылдан астам уақыт еңбек етіп келеді. Осы жылдар ішінде 400-ден аса ғылыми-әдістемелік еңбек жазды. Гранттық қаржыландыру аясында бірнеше жобалардың ғылыми жетекшісі және орындаушысы болып зерттеу жұмысын жүргізуде. Гүлмира Сабырқызын марапатымен шын жүректен құттықтап, Ғылыми-әдістемелік және білім беру қызметінде жаңа шығармашылық табыс тілейміз!



## «ЖАМБЫЛДЫҢ ЖҰМБАҚ ӘЛЕМІ» ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ БАЙҚАУ

Гуманитарлық факультеттің 1 курс білім алушылары арасында Мағрипа Жылқыбаеваның «Жамбылдың жұмбақ әлемі» еңбегі бойынша интеллектуалдық байқау өтті.

Байқаудың мақсаты артына әлемдік деңгейдегі мол мұра қалдырған жаратылыстанушы ғалым, Жамбылдың құпия өлемін зерттеуші Мағрипа Жылқыбаеваның еңбектерімен танысу және насихаттау. Қазақтың ұлы ақыны, жыр алыбы – Жамбыл Жабаевтың туған күніне арналған білім додасы ақынның мол әдеби мұрасын тереңірек танып, шығармашылығын жаңаша қырынан ашу.

Алғашқы сөзді спикер ф.ғ.д., профес-

Жансүгіров әдеби музейінің аға ғылыми қызметкері А. Құнанбаева, Гуманитарлық факультет деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Доскелдина төрелік етті.

Байқау үш кезең бойынша өтті. Алғашқы «Жұмбақ әлем» бөлімінде қатысушылар бейнесурақтарға жауап берді. Бұл бөлім М. Жылқыбаеваның жамбылтану бойынша еңбектерін зерделеу, өмірі мен ғылыми қызметіне қатысты білімдерін саралау мақсатында өтті.

Екінші кезеңде қатысушылардың ойлау қабілетін тақырыпты меңгеру деңгейін тексеру мақсатында блиц сурақтар қойылды. «Жыр - шашу» шығармашылық кезеңінде әр топ Жамбылдың бір өлеңін жатқа мәнерлеп



сор М. Имангазинов бастап, Мағрипа Жылқыбаева мен Жамбыл Жабаевтың тағылымды өмірлерінен шағын деріс оқыды. Онда Мағрипа Жылқыбаеваның Есік қорғанынан шыққан Алтын адамның күміс зереншедегі таңбаларын жан-жақты зерттеп, қазақ даласындағы петроглифтердің шифрын тауып қағазға түсірген еңбектері айтылды.

Білім және өнер додасында «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Тарих», «Филология» және «Журналистика» білім беру бағдарламаларының студенттері бақ сынады.

Қазылар алқасы құрамында Ілияс

оқыды.

Интеллектуалдық байқау қорытындысы бойынша бас жүлдені «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ, 1 орынды «Журналистика» ББ, 2 орынды «Филология» ББ, 3 орынды «Тарих» ББ студенттері иеленді.

Кванттық физика арқылы әлемде тұнғыш рет Есік қорғанындағы Алтын адам мұрасы тілдің рәсифирекасын жасаған жаратылыстанушы ғалым Мағрипа Шөкерұлқызының жамбылтанудағы елеулі еңбегін жастарға меңгертудің танымдық-тағылымдық мәні зор.

Динара Есимбекова,  
оқытушы-лектор

## ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТІ ЕСКЕ АЛУ КЕШІ



Жетісу университетінде «Өз ұлын өз ерлерін ескермесе, ел теп, алсын қайдан кемеңгерді» атты Ілияс Жансүгіровті еске алу кеші өтті.

Кеш басында ақын жайлы бейнефильм көрсетілді.

Еске алу кеші Гуманитарлық факультетінің деканы, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Ержан Буланов алғы сөзімен басталды.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, «Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығының меңгерушісі Мұратбек Имангазинов, облыстың газетінің тілшісі

Гүлжан Тұрсын, Ілияс Жансүгіров әдеби музейінің аға ғылыми қызметкері Аида Құнанбайқызы ақынның әдеби ортасы, алғашқы жариялымдары, қалыптасу кезеңдері жайлы ақпараттарымен бөлісті.

Филология мамандығының 2 курс, 211 топ білімгерлері Ілияс Жансүгіровтің өмірі мен шығармашылығына тоқтап, ақын өлеңдерін нақышына келтіре, мәнерлеп оқыды.

Кеш қонақтарына «Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығы шығарған Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» кітабы берілді.

## ФОРСАЙТ- КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ



Жаратылыстану-техникалық факультетінің ұйымдастырумен «Қауіпсіздік және дайындық: теория мен практиканың өзара әрекеті» тақырыбында форсайт-конференция өтті.

Шара барысында І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Ермек Бөрібаев пен Жетісу облысының төтенше жағдайлар департаментінің бастығы, полковник Нұрлан Бекбосынов меморандумға қол қойды.

Конференция мақсаты – ынтымақтастықты нығайту, төтенше жағдайларды басқару және қауіпсіздікті қамтамасыз етуде теория мен практиканы өзара әрекеттестіру. Оқытушы ғалымдар мен практик мамандардың тәжірибес алмасуы.

Пленарлық отырыста Экология және ауылшаруашылығы ғылымдар кафедрасының оқытушы-ассистенті, запартағы подполковник – М. Кульджабаев, Жетісу облысы ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасының офицері, капитан Е.

Нуркасан, ТЖД Психологиялық қызмет тобының бас маманы азаматтық қорғау подполковнигі А. Адамбекова, Төтенше жағдайларды алдын алу басқармасының инженері, азаматтық қорғау лейтенанты Қ. Нұрғалиұлы баяндама жасады. Онда студенттердің қауіпсіздік шараларына дайындығы, су тасқынының алдын алу т.б мәселелер айтылды.

Конференция аясында «ТЖМ жұмысындағы инновациялар мен технологиялар» тақырыбында шеберлік сабағы өтті.

Робототехника және мехатроника зертханасының меңгерушісі А. Ибраимовтың жетекшілігімен физика-математика факультетінің 2 курс студенттері Д. Свечников, Р. Маматаева - «Scout» барлау және іздеу роботы жобасымен таныстырды.

Жаратылыстану-техникалық факультеті Экология және ауылшаруашылық ғылымдар кафедрасының аға лаборанты С. Сейлхан өрт сөндіруде заманауи әдістері: Meta Quest 2 - VR модельдеу жаттығуларын көрсетті.

Бетті дайындаған Әйгерім ИЕБЕКОВА.











